

"Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есепті тапсыру Ережелері және нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 603 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі N 442 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6519 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 21 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.01.13 № 21 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңын қабылдауға
б а й л а н ы с т ы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есепті тапсыру Ережелері және нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 603 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5428 болып тіркелген, «Юридическая газета» газетінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда № 197 (1597) жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есепті тапсыру Ережелерінде (201.00 нысаны):

1-тармағының бірінші абзацында «нотариустардың» деген сөзден кейін «, жеке сот орындаушыларының» деген сөздермен толықтырылсын;

8 – т а р м а ғ ы н д а :

1-тармақшасында «2010 жылдың 13 тамызына дейін» деген сөздер «2012 жылдың 1 қаңтарына дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақшасында «2010 жылдың 13 тамызынан бастап» деген сөздер «2012

жылдың 1 қаңтарынан бастап» деген сөздерге ауыстырылсын;

7) тармақшасында «G» әрпінен кейін «, Н» әрпімен толықтырылсын;

9–тармақтың 1) тармақшасында «адвокат» деген сөзден кейін «, жеке сот орындаушылары» деген сөздермен толықтырылсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есеп нысаны бұйрықтың қосымшасына сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Берілген бұйрық ресми жариялануға жатады және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының қолданысқа енгізілген күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының
Б. Жәмішев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
Г. Н. Әбдіқалықова

«___» _____ 2010 жыл
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2010 жылғы 6 қыркүйек
N 442 бұйрығына
қосымша

Міндетті зейнетақы жарналарының
есептелген, ұсталған (қоса есептелген)
және аударылған сомалары, әлеуметтік
аударымдардың есептелген және
аударылған сомалары бойынша Есепті
тапсыру Ережесіне қосымша

**МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕЛГЕН,
ҰСТАЛҒАН (ҚОСА ЕСЕПТЕЛГЕН) ЖӘНЕ АУДАРЫЛҒАН**

СОМАЛАРЫ; ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАРДЫҢ ЕСЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ АУДАРЫЛҒАН СОМАЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП

(Нысанды қағаз мәтінінен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК